

## № 1 дәріс

**Кіріспе. "Еңбекті қорғау" курсының мақсаты мен мазмұны. Курстың негізгі терминдері мен анықтамалары, мамандарды дайындаудағы рөлі.**

**Еңбекті қорғауды қамтамасыз етудің теориялық негіздері.**

Еңбекті қорғау - құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастыру-техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық, емдеу-профилактика, оңалту және өзге де іс-шаралар мен құралдарды қамтитын, еңбек қызмет процесінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі.

Еңбекті қорғау өндірістік жарақат, кәсіптік ауру, апат, жарылыс, өрттің мүмкін болатын себептерін анықтап зерттейді және осы себептерді жою мақсатында арнайы шаралар мен талаптар жүйесін дайындайды, адамға еңбек іс-әрекетінде қауіпсіз және қолайлы жағдай жасайды.

Еңбекті қорғаудың басты объектісі адам болып табылады, сондықтан еңбек қорғау бойынша шараларды дайындауда көптеген ғылыми пәндердің зерттеу нәтижелері пайдаланылады.

Өндірістік орта факторларының адам ағзасына зиянды әсер етуін медицина және биология ғылымдарының (еңбек гигиенасы, өндірістік токсикология) зерттеулерінен алуға болады.

Еңбек қызметін тиімділеу, өнімділікті өсіру, жұмысшылардың мәдени деңгейінің өсуі, жұмыс қабілетін және еңбек қызметінің жалпы кезеңін арттыру еңбекті ғылыми ұйымдастыру нәтижесіне негізделген.

Еңбекті қорғаудың әдістемелік негізі өндірістік жарақат және кәсіптік ауруға әкеліп соқтыратын, қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың пайда болуы және қолданылатын материалдар мен заттардың өндірістік құралдары, технологиялық және өндірістік процесстердің, еңбек шарттарын ғылыми талдау болып табылады.

Өндірістік жарақатты, апатты және кәсіптік аурулар мәселелерін тек инженерлік әдіспен шешу мүмкін емес. Көбінесе өндірістік жарақаттың себебіне тек еңбектің күрделі жағдайлары ғана емес, жұмысшылар мен инженер-техникалық мамандардың төменгі біліктігі, іс-әрекетке реакцияның төмендеуі болып табылады. Мұндай жағдайда қауіпсіздік техникасы мен еңбек қорғау талаптары бірге қарастырылу қажет. Өндірістік жарақаттың өсу себебін талдау техника мен ғылыми-техникалық прогрестің дамуы адамды өндірістік жағдайлардың қауіпті және зиянды әсер етуінен қорғау бойынша ұсыныстар мен шараларды дайындаудан озық екенін көрсетеді. Еңбек қорғау мәселелеріне жүйелі көзқарас өндіріс жағдайында адам қауіпсіздігін өсіруге біршама әсер етуін көрсететін, барлық элементтер мен факторлардың кешенін ұсынатын, еңбек қорғау мәселелерінің нақты міндеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқу құралының мақсаты студенттерді еңбек қорғаудың негіздерімен таныстырып, оларды еңбек қауіпсіздігіне қатысты дұрыс шешімдерді қабылдауды үйрету.

Еңбекті қорғау өндірістегі жазатайым жағдайлардың себебін және кәсіби аурулардың салдарын, оларды жою жолдарын қарастырады; авариялардың, жарылыстардың және өрттердің алдын алуын көздейді.

Еңбекті қорғау пәнін оқып үйрену кезінде студент:

- өндірісте еңбек қорғауды, еңбек қорғаудың медицина-биологиялық және санитарлық-гигиеналық негіздері бойынша, еңбек қорғаудың әлеуметтік және әлеуметтік-экономикалық мәселелері бойынша басқару жүйесін; негізгі зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың сипаттамасын, олардың адам организміне әсер ету ерекшеліктерін және оларды бақылау әдістерін біледі;

- өндірістік жарақаттанушылықты, апаттарды, өрттерді, жарылыстар мен басқа төтенше жағдайларды ескерту бойынша нақты инженерлік міндеттерді шешуді; өндірістің қауіпті және зиянды факторларынан қорғау тәсілдері мен құралдарын апаттардың салдарын жою кезінде қолдануды; жарақаттанушылық пен кәсіптік ауруларды болдырмау мақсатында өндірісте мүмкін болатын қауіптіліктер мен зияндылықтарды алдын ала көру және дер кезінде ескертуді жасай білуі керек;

- өндірістегі еңбекті бағалау мақсатында қауіпсіздік аспаптары мен құрылғыларын пайдалану, қауіпті және зиянды өндірістік факторларды өлшеу және бағалау үшін аспаптарды, аппаратура мен жабдықтарды қолдану әдістерінің практикалық дағдылары болуы керек;

- еңбекті қорғау саласындағы заңды және нормативтік-құқықтық базаны білуі керек;

- өнеркәсіптік кәсіпорындарда еңбек қорғауды басқару жүйесінің күйін талдай алу керек;

- жұмыс істеушілерді қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әсерінен қорғаудың өнеркәсіптік тәсілдері мен техникалық құралдарын білуі керек;

- кәсіпорындағы өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың себептерін білуі керек;

- кәсіпорындағы еңбек қорғау және өрт қауіпсіздігі жағдайының әлеуметтік және әлеуметтік-экономикалық нәтижелерін бағалау мәселелерінде құзыретті болуы керек.

Еңбекті қорғау адамзаттың ғылыми және тәжірибелік мүдделерінің басым жақтарының бірі болып табылады, өйткені ол белгілі мөлшерде еңбек өнімділігін және экономикалық көрсеткіштерді анықтайды. Жарақаттану және кәсіби ауруларды болдырмайтын қауіпсіз және тиімділігі жоғары еңбек жағдайларын жасау еңбек өнімділігін арттыруға экономикалық негізделген маңызды мемлекеттік міндет болып табылады.